

Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округінің Қошқар учаскесінде орналасқан "Адамбай" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 1-21-02 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 6863 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 1-21-06 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округі әкімінің 05.11.2020 № 1-21-06 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Баянауыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 12 маусымдағы № 2-19/120 ұсынысы негізінде, Қызылтау ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округінің Қошқар учаскесінде орналасқан "Адамбай" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдың құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылтау ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы

Ж. Мажитов